

СТУДЕНТКЕ

КЕҢЕС

Арсен Шәди



АЛҒЫ СӨЗ

Бұл кітапты жазуға түрткі болған бірнеше фактор бар. Блог жүргізуші адам ретінде замандастарымыздан жекемізге түрлі сауалдар келеді. Соның ішінде студент бауырларым жазған кезде түрлі ой тебіреністерінің тереңіне түсіп, пікірлеп қаламын. Неліктен? Себебі студенттерден келетін көпшілік сұрақтарды байланыстыратын ортақ нүктелер бар.

“Аға, мен 4-курсқа өттім, алайда өзімді әлі таппадым”, “түскен мамандығым ұнамайды”, “студенттік кезде жұмыс жасауға қалай қарайсыз?”, “оқудан шықсам ба деймін”, “ақылы бөлімде оқимын, ата-анам оқуымды төлеп отыр, сол кісілерге салмақ болғым келмейді, не кеңес бере аласыз?”

Кез-келген білім жолына қадам басқан адамға үлгі болатын модель қажет. Баршамыз басында біреуге еліктейміз және сол еліктеулер арқылы өзімізді қалыптастырамыз. Алайда кімге еліктеу керек? Ол да талдану қажет мәселе. Себебі жас студенттің алдынан дұрыс үлгі моделі шықпаса, ол адам бұрыс үлгі моделіне тап болады.

Өзіміз студенттік жолдан өттік, бірнеше жыл қызмет еткен соң шетелге магистратура оқып, білім шыңдауға аттандық. Студенттік шақтың әр кезеңін тиімді, пайдамен, дамумен, дұрыс орта қалыптастырумен өткіздім деген нық сенімдемін. Әр оқу жылы біткен сайын міндетті түрде бір шетелге шығып, білім алу үрдісін қалыптастыра алдық. Яғни, студенттік кезең қандай мүмкіндіктер берсе, соның бәрін қалт жібермей пайдаланып қалдық дей аламын.

Бірнеше күн алдын келіншегіммен кофе ішіп отырып ішімдегі бір оймен бөлістім: “Егер студенттік кезеңге қайта оралу мүмкіндігі туса, сол кезде жасаған әрекетімнен де артық әрекет жасар едім”. Сонда келіншегім айтты: “Ертең 5-6 жыл өткен соң тағы өкінбес үшін, дәл қазіргі сәтте жасай алатын әрекетіңізден де артық әрекет жасаңыз” деді. Тамаша жауап.

Осыны оқып отырған студент інім және қарындасым! Бұл да бір сіз үшін бастау нүктесі бола алады. Өмірді, дағдыны өзгерту үшін Айды аспаннан келтіру шарт емес. Қазіргі сәт – біздің қолымызда бар негізгі капитал. Кішкентай қадамдардың өмірдегі күшін, әсерін сезе аласыз. Өткен шақ өтті, келер шақ келмеді, демек, дәл осы сәтті ғана біз пайдалана аламыз.

Кітаптың атауы “Студентке кеңес” болса да, студент емес жандар да оқып жемісін көре алады. Қандай да бір еңбек жазылғанда оның негізгі сапасы – қаламгердің шынайы ниеті деп білемін. Енді оқырман ретінде сіздің ниетіңіз – кітаптан пайда алу не алмау мәселесін айқындайды.

Жарқын, сапалы студенттік өмір тілеймін және студенттік өмір аяқталған соң да қалыптасқан, өзін тапқан жан болуыңызды шын жүректен қалаймын.

Құрметпен,
Арсен Шәди!

ӨЗІҢДІ ТАБУ

Өзіңмен эксперимент жасап, өзіңді түрлі бағытта сынап, сан саланы көріп қалу үшін таптырмас кезең – студенттік шақ деп білемін. Атақты шығыс ойшылы Мәуләнә Руми айтқандай, адам өзі жолға шықса, артынан жол да көрінеді, мақсат да пайда болады, бағыт та анықталады. Әрекет етпеген, қосымша ізденбеген, талаптанбаған адам мақсатсыздыққа түседі, нәтижеде өзгелердің жетістігінен демотивация алып, ішкі жан-дүниесімен кері кетуі мүмкін.

Мен шығыстанушы – арабтанушымын. Сол себепті араб тілінен бір сөздің мысалын бергім келеді. Араб тілінде студентті “طالب” / “to-lib” деп атайды. Оның тілдік мағынасы “талап етуші” деген сөзге оралады және сонымен қоса “іздеуші, ізденуші” деген мағынасы бар. Яғни, студент дегеніміз әрдайым ізденісте болатын, іздеуден талмайтын адам. Енді “талап етуші” мағынасына назар аударыңыз. Талап етілуші емес, талап етуші. Айырмашылықты түсініп тұрсыз ба? Мұғалім не ұстаз сізден талап етсе, сіз талап етілуші боласыз. Алайда студент деген сөздің мағынасы ол емес. Демек, ұстаз бізден талап етпестен, біз өзіміз білімді талап етуіміз қажет. Сайып келгенде өмір жолы өзіміздікі. Келешек те бізге тиесілі, ал сол келешегімізді айқындайтын нәрсе – біздің бүгінгі амалдарымыз.

Қараңыз, оқу бітіргенге дейін адамның өмірінде мақсат бар. Қандай? Осы оқуды бітірсем деген. Тіпті ол жайында ойланбауымыз да мүмкін, бірақ түпсанада “Университет бітіру” деген мақсат бар, сол себепті оқу бітірген соң не істейтінімізді жоспарламаймыз. Күнделікті күйбеңмен жүреміз, жанымызды группаластарымыз бар, бірге сабаққа дайындаламыз, аралық бақылаудан емтиханға, семестрден семестрге өтеміз, бірге күлеміз, бірге жылаймыз. Осы берілген жылдар ішінде өміріңізді жоспарлап, келесі әрекеттеріңізді бағамдап қоймасаңыз, оқудың аяқталуымен оптимистік те аяқталуы мүмкін. Оқу бітіріп кеткен соң бағыттас группаластар болмайды жаныңызда. Туған қалаңызға, ауылыңызға ораласыз. Міне, сол кезде адамның өзін-өзі жеуі басталуы мүмкін. Әлбетте, басында бәрі оқу бітіруіңізбен құттықтайды, қазақтың жөні бойынша көрімдік береді. Алайда оның бәрі уақытша эйфория.

Осы нәрселердің бәрін жазған соң бір құрал ұсынуымыз қажет қой енді. Не істеуге болады?

Бірінші курс оқу орнына бейімделумен, адамдармен және мұғалімдермен танысуға арналады. Мен өз басым активистік ұйымдарға бірден кіріп кетуге қарсымын. Алғашқы курстан білімге ден қойып, жазда не істейтініңізді жоспарлап, шетелге баруға болатын мүмкіндіктерді қарап жүргейсіз. (Мен шетелдік курстарды, гранттарды қайдан қарайтынымды баспадан шығатын кітапта толық баяндайтын боламын). Жалпы белсенді оқушы болсаңыз, түрлі шаралар ұйымдастырып жүру өзіңізге ұнаса көре жатарсыз. Алайда бірінші курстан активистік ұйымға мүше болудың кем тұстарын жаза кетейін.

Активистік ұйымдар сізге кең таныстық, нетворкинг, белсенді жастар ортасын уәде етеді. Шет қалалардан енді келген, жалғызсырап жүрген студент өзгелермен аралас-құралас болайын деп кіріп жатады. Алайда нетворкинг дегенді дұрыс түсінуіміз керек. Сіз дәл қазіргі оқу керек сәтіңізде оқысаңыз, көбірек білімге, өзіңізді дамытуға уақыт арнасаңыз, ертең жоғары деңгейдегі нетворкингті ала аласыз. Сапалы, білімді, үлкен-үлкен істер бітіріп жүрген адамдар өздері сізбен араласқысы келіп, жақындаудың жолын қарастырады. Уақыт өтіп, түрлі лауазымды адамдармен араласқан сайын білімнің мәртебесін, қадірін одан сайын түсініп бағудамын. Өмірдің өзі осыны көрсетуде. Ал жастайынан белсенді болып, түрлі ұйымдарда көрінген азамат-азаматшалар өспей ме? Жок, олар да өседі. Бірақ өзім байқаған бір дүниемен бөлісейін. Ондай адамдарды үлкен кісілер көп жағдайда жанына бүкіл тірлігін істету үшін алады. Анда барып кел, мынаны әкел, былай қыл, солай ет... Білімді адамның орны төр. Сахаба Әли (Алла разы болсын) айтады: “Білім – дүниесі жоққа байлық әкеледі, ал дүниесі барға әдемі киім іспетті, адамдардың алдында әдемі көрсетеді” дейді.

Өзіңді табу деген де сол білім арқылы болады. Атауы айтып тұрғандай “Өзіңді табу”, яғни сіз үшін біреу тауып бермейді, өзіңізді өзіңіз табасыз. Ол үшін түрлі кітаптар оқуды ұсынамын. Иә, кітап оқу деген жалпылама естіледі. Салалық кітаптар ауыр болады, бәріне бірдей оқуға ұсынылмайды. Сол себепті романдар оқуға кеңес беремін.

ТӘЖІРИБЕ ЖИНАҚТАУ

Бүкіл нәрседен бірден ақша жасай беру мүмкін емес. Күллі құндылықты тек материалдық табысқа әкеп тақамау қажет. Студенттік шақта әлі ешқандай отбасылық жауапкершілік жоқ көп адамда. Сондай кезеңді пайдаланып өз салаңыз бойынша көмегіңізді, қызметіңізді білікті адамдарға, мамандарға, мекемелерге ұсына аласыз. Менің ұстазым айтады: “Жекесенбінің таңын адамдар өздеріне демалыс деп ұйқыға арнаса, мұсылмандар ояу болуы керек” деп. Тура осы принципті пайдалана аламыз: Өзгенің бәрі түске дейін ұйықтайтын демалыс күнді сіз тәжірибе жинауға арнай аласыз.

2-3 курсқа жеткен кезде ұсынылады. Осы орайда өзімнің досымның мысалын берейін. Айдар медицина бағытын таңдады, бүгінде дәрігер-резидент Офтальмолог. Демалыста таң намазының уақытынан соң кездесуге әрең ұстап аламыз, себебі демалыс күні де Офтальмологиялық клиникада тегін жұмыс жасайды. Отбасылы, бала-шағасы бар жігіт, соған қарамастан екі жерде қызмет көрсетеді. Бір жерден айлық алады, екінші жерде тәжірибе үшін, білімді шыңдау үшін жүргенін айтады. Резидентурада жүрсе де қосымша білім шыңдауын тоқтатпауда. Түрік тілін үйреніп Түркияға барып түрлі операцияларға қатысып тағылымдамадан өтіп келді. Енді Германияда варианттар бар деп, жолдарын қарастырып жүрген. Қандай да бір мамандықпен қатар шет тілін үйренер болсаңыз, өз салаңыз бойынша түрлі мүмкіндіктер есіктері ашыла түседі. Медицина саласындағы тағы бір ағам корей тілін үйреніп интернатурасын сол жақта оқуға мүмкіндік алды.

Осы секілді өз салаңыз бойынша түрлі варианттарды іздестіріңіз, ізденіңіз. Бүгінде әлеуметтік желіні кең мүмкіндік ретінде пайдалана аламыз. Біз оқып жүрген шақта адамдардың контактісін табу қиындау болатын, қазір ол процесс жеңілдеу. Байланысып, кездесу сұрап, өзіңіздің студент екеніңізді айтып, бір сөйлеммен қажетіңізді жеткізсеңіз, ел алдында жүрген адамдар да ақыл-кеңесін айтуға қарсы болмайды. Осы принциппен студент кезде көптеген тұлғалармен, араб елдерінде елші болған экс-дипломаттармен кездесулер жасап, жеке кездесуін алатынмын. Сол үшін арнайы WhatsApp-тан жолдайтын хат әзірледім. Оқыған адам бас тартпайтындай хат дайындау үшін 4-5 сағат отырғаным есімде.

Мұрат Әбенов есімді ағамызбен кездескенде маған айтты: “Сенімен кездесуге не үшін келіскенімді білесің бе? Жазған хатың сауатты болды, ойыңды анық жеткізе біліпсің, сол себепті кездесіп көрейін дедім”. Осы сынды элементтер өмірлік тұлға болып қалыптасу жолыңызда көмек бере алады.

Журналист болсаңыз бір редакцияларға ұсынылыңыз, IT саласында болсаңыз түрлі стартаптарға сұраныңыз, заңгер болсаңыз сотқа қатыса аласыз, педагогикада оқысаңыз мектептермен танысыңыз, экономика саласында болсаңыз банктік жүйені зерттеңіз, өнер саласында болсаңыз өнерпаздарға байланысқа шығыңыз және т.б.

ӨЗІНДІК ЖОСПАР

Сіздің қалауыңызды өзіңізден артық ешкім біле алмайды. Бүгіннен бастап, кейінге қалдырмастан өміріңізді жоспарлап тастаңыз. Мұсылман адам ретінде бүкіл нәрсе Алланың қалауымен екенін білеміз, бірақ біз себептерін жасауымыз керек. Қазіргі таңда менде бар нәрсе, өмірімде орын алып жатқан құбылыстардың бәрі кезіндегі жоспарлар негізінде Алладан сұрағандарым. Қараңыз, Аллаға дұға еткен кезде де керегіңізді біліп сұрасаңыз, тілегіңіз айқын болса, түгелдей Құдайға тапсырасыз да, сол бағытта қолыңыздан келетін әрекетті жасай бересіз. Ал енді керегін білмейтін адам Алладан не сұрайды, қалай сұрайды? Дұғаның өзі бір білім. Кімнен сұрап жатқаныңызды да ескеріңіз. Сондықтан мақсаттарыңыз ұлы, биік болсын.

Жоспардың қысқаша концепциясы қалай болмақ? Тек 10 қадамнан тұратын мысал бере аламын, өз өміріңізге сай өзіңіз қалыптастырасыз.

1. Алла жазса университет бітіргенше ағылшын тілім IELTS-тан кем дегенде 6.5 балл (магистратураға шетелге түсу үшін басталады) жинай алатындай болады.
2. (Ерлерге қатысты) әскери кафедра оқып алуға мүмкіндік болса міндетті түрде оқып аламын, себебі ертең алдымнан шығады, сол уақыт сәті келгенде дайын болып тұрсын.
3. Көлік айдау білмесем осы 1-курстан дайындалып, 2-курста жүргізуші куәлігін алып аламын, себебі өмірде түрлі жағдайлар болады, көлік айдай білу қажет.

4. Бір курс аясында университетте оқитын студентке жылына 12-15 кітап оқу ұсынылады, оның ішінде мамандық бойынша, өзін-өзі дамыту + руханият (руханият болмаса адам тез шаршайды) және көркем әдебиеттерді қамту маңызды. Әрине, оқу жүктемесіне байланысты бұл санды реттеуге болады, бірақ студенттердің кәсіби және жеке дамуы үшін жүйелі түрде кітап оқу өте маңызды. Сол себепті мен өзіме айына 1 немесе 2 кітап оқимын деп бағдарлама қоямын, сонда жылына 12-15 кітапқа жетемін деуіңіз керек. Бұл орта есепте өте жақсы көрсеткіш. Алайда өмірлік жоспарыңызда кітапқа орын болуы қажет. Сөзсіз.

5. Әр курсты аяқтаған сайын қаржылай мүмкіндік болса шетелге бір шығып отырамын. Қаржылай қиындығы бар адамның өзі түрлі гранттар жеңе алады. Шетелге шығу өте жоғары дәрежеде адам миын өзгертеді, ашады, дамытады. Жаз мезгілінде шетелдік курс немесе саяхат сынды мүмкіндіктерді пайдалану керек.

6. Бакалавр бітіргенге дейін магистратураға түсетінім не түспейтінім туралы ойланамын, егер түспесем қайда жұмыс жасағым келетінін анықтаймын.

7. Қазірден керемет CV (резюме) дайындап қоямын. Қалай дайындалу керекін білмесем YouTube-тен видеоларын қарап, соған сай жасаймын. Әртүрлі конференция, курстарға, тағылымдамаларға қатысқан сайын соны резюмеме қосып отырамын, бірақ резюмем қолымда дайын тұру керек.

8. Білім жолын жалғастыратын болсам Phd-ге дейін оқимын. Бакалавр басқа университет, магистратура басқа университет, докторантура басқа университет болуы керек. Үш түрлі елде болса тіпті жақсы. Сол үшін қазірден компьютерімде өз салам бойынша мықты университеттердің тізімі дайын тұру керек. (Сол үшін ағылшын тілі өте маңызды).

9. Осынша жасымда үйленемін-тұрмыс құрамын, осынша жасымда әке-ана болғым келеді, баламның осылай жетілгенін қалаймын, осылай дамытуым қажет деген сынды нәрселерге дейін жоспарлап, жазуды ұсынамын.

10. Өзімді осы салада көремін, осы бағытта жұмыс жасаймын деген шешімдерге келу қажет. Анықталған соң тек сол бағыт бойынша өзіңізді дамытуға мүмкіндік болады. Мысалы, режиссура саласында көретін адам, соған сай жоспарын құрып, ақшасын жинап, бір күні New York Film Academy-ға барып бір курсың өте алады.

Бүкіл нәрсе Алланың қалауымен, сөзсіз. Біз Алладан өміріміз үшін қайырлы жоспар сұрауымыз керек. Өмірін жүйелі, жоспарлы, тұрақты әдеттермен сүретін жандар – әрдайым өзгенің қызығушылығын тудырады. Арабтың бір мақалы айтады, тау басындағы адам ол жерге аспаннан түскен жоқ. Демек, майда-майда қадамдармен болсын шың басына шыға білді. Абай айтпақшы (Алла рақымына алсын), тұрақты әдеттер – біздің мінезімізге айналады, ал мінезіміз – тағдырымыз.

КЕҢЕС АЛУ

Кеңес алу – студент үшін маңызды қабілет. Түрлі адамдардың кеңесін тыңдай біліңіз, қорыта біліңіз, нәтижеде шешімді бәрібір өзіңіз шығарасыз. Алайда адамдардың берген кеңесі сізге белгілі бір сурет салып бере алады.

Адам әрқашан қоғамның бір бөлігі болып, басқалармен қарым-қатынаста өмір сүреді. Өмірде бір шешімге келерде көп жағдайда сенімді кеңесші немесе тәжірибелі маманнан кеңес алу қажет екенін білеміз. Кеңес беру — бұл тек бағыт-бағдар көрсетіп қана қоймай, адамның шешім қабылдау қабілетін дамытуға ықпал ететін процесс. Көптеген табысты адамдар өз жетістіктеріне жетуде кеңесшілерінің рөлін мойындайды. Әлемде кеңес алу мен менторлық институттары осы себептен кең тараған.

Мысалы, атақты кәсіпкер Стив Джобстың алғашқы жылдарында бизнес саласында кеңесшісі болған — компанияның негізін қалаушы және Apple компаниясының инвесторы болған Майк Марккула. Оның кеңестері Джобстың кәсіпкерлік қабілеттерін дамытуға, бизнесін тиімді басқаруға және шешімдер қабылдауға септігін тигізді.

Кеңес алу тек кәсіби даму үшін ғана емес, жеке даму үшін де өте маңызды. Өзін-өзі тану, ішкі үйлесімділікке жету, қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру немесе жаңа дағдыларды үйрену сияқты мәселелерде кеңесшілер адамға зор көмек көрсетеді.

Олар адамның жеке қабілеттерін танып, олардың әлсіз және күшті жақтарын көрсете алады. Жеке кеңесшілердің мақсаты — адамның жеке өсуіне көмектесу, оның ішкі әлемін тереңірек түсінуіне ықпал ету. Кеңес алуда менторлар мен кәсіби кеңесшілерден бөлек, достар мен отбасы мүшелерінің де рөлі ерекше. Жақын адамдар өмірдің әр кезеңінде қолдау көрсетіп, маңызды шешімдер қабылдауға көмектеседі. Олар адамның ішкі әлемін жақсы біле отырып, қандай бағытқа көңіл бөлу керектігі туралы кеңес бере алады.

Ислам дінінде де адамдармен кеңесуге аса маңыз береді. Сол себепті де “Истихара жасаған адам қателеспейді, истишара жасаған адам қайғыға тап болмайды” делінеді. Истихара – бір шешім қабылдар алдында оқылатын намаз, истишара – шешім қабылдар алдында адамдармен болатын кеңесу.

ҚОРЫТЫНДЫ: ҚАТЕЛІКТЕР МЕН СӘТСІЗДІКТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ

Адам баласы кемел емес, бірақ сол кемелдікке ұмтылу жолында болуы керек. Қателесеміз, алайда қателіктерді туралауға мүмкіндігіміз бар. Сәтсіздіктер өмірде болады, оның бәрін сабақ деп қабылдай білген жөн. Студент кезден осы сынды сынақтарға тұрып бере білген адам, ертеңгі үлкен өмірге де дайын болады. Шынында, қателіктер мен сәтсіздіктер — адамның өмірінде жиі кездесетін, бірақ маңызды тәжірибе болып саналатын. Көп адамдар қателіктер жасаудан қорқады және сәтсіздікті жеке кемшілік ретінде қабылдайды. Алайда, қателіктер мен сәтсіздіктер адамның дамуының, жетілуінің және табысқа жетуінің маңызды бір бөлігі болып табылады.

Бәрібір де адам баласы қателік жасаудан қашып құтыла алмайды, өйткені қателіктер — өмірдің ажырамас бөлігі. Қателіктер арқылы адам өз шекараларын, қабілеттерін және шындықты түсінуге мүмкіндік алады. Қателіктерді тек теріс тәжірибе ретінде емес, керісінше, адамның тұлғалық дамуына ықпал ететін мүмкіндік ретінде қабылдаған жөн.

Сәтсіздіктерге позитивті көзқараспен қарау адамның жаңа нәрселерді үйренуіне, өзін-өзі жетілдіруіне көмектеседі. Мысалы, белгілі бір қиын жағдайда қате шешім қабылдаған адам сол қателіктен сабақ алып, келесі жолы жақсы нәтижеге қол жеткізе алады. Қателіктер — бұл даму жолындағы қалыпты және қажетті процесс.

Мысалы, Томас Эдисон шамды ойлап тапқан кезде жүздеген сәтсіз сынақтардан өткен. Оған бір шамды жасаудың дұрыс тәсілін табу үшін көптеген қателіктер жасауға тура келді. Эдисон сәтсіздіктерді қабылдай отырып, әр қателіктен сабақ алып, дұрыс жолды таба білді. «Мен сәтсіздікке ұшыраған жоқпын, тек жұмыс істемейтін 10,000 жол таптым» деген сөздері сәтсіздікті табысқа жетудің жолы ретінде қабылдау қажеттілігін көрсетеді.

Бұл кітаптың ықшамдалған электронды нұсқасы болса да, көп пайда алдыңыздар деген сенімдеміз. Уақыт мүмкіндігін пайдаланып, әр сәтті өзіміздің ертеңіміз үшін инвестиция деп пайдаланайық. Осымен кішігірім сапарымызды аяқтаймыз. Оқып болған соң пікір білдіріп, Feedback берсеңіздер дейміз. Кітап жазушы, оны таратушы адам ретінде біз үшін маңызды. Білім сапарыңыз жарқын болғай!

Достар! Бұл біздің жақында шығатын “Студентке кеңес” атты авторлық кітабымыздың өте кішкентай бір бөлігі ғана. Жақында кітабымызға предзаказ ашылады, соның алдында сіздерге аздап таныстырып өтсек деген ниетте осы гайдты ұсындық.

Кітап студенттерге һәм барша білім жолындағы адамдарға арналады.

Біздің кітап жеке кітаптарыңыздың арасынан табыларына еш өкінбейсіз деп сенеміз, себебі шын жүректен қазақ жастарына пайдалы болсын деген ниетте жаздық.

Шығуына өте аз қалды...